

1. Халық медицинасында қолданылатын өсімдік саны
 - A) 20000
 - B) 5000
 - C) 10000
 - D) 30000
 - E) 1367
2. Кәдімгі мыңжапырақтың дәрілік шикізаты пайдаланылады
 - A) тұқымы
 - B) тамыры
 - C) жер асты мүшесі
 - D) тамырсабағы
 - E) жерүсті мүшелері
3. Клетка және ұлпа деңгейінде ботаникалық ресурстану мәселелерін шешеді
 - A) анатомия, гистохимия және эмбриология
 - B) гистология, цитология және паразитология
 - C) химия, физика және биохимия
 - D) молекулалық биология, биофизика және биомедицина
 - E) микология, бриология және лихенология
4. Алкалоид термині латын тілінен аударғанда
 - A) май
 - B) көмірсу
 - C) қышқыл
 - D) ақуыз
 - E) сілті
5. Латентті кезең
 - A) жасанды фитоценоз
 - B) мәңгі жасыл өсімдіктер
 - C) жаздық жасыл өсімдіктер
 - D) особьтардың жасырын кезеңі
 - E) жер бедерінің жалпы көрінісі
6. Дәрілік өсімдіктердің ең тиімді жинау кезеңдері
 - A) фенологиялық спектрін жасауға байланысты
 - B) морфологиялық ерекшелігіне байланысты
 - C) әр тіршілік күйлерінің даму ерекшеліктерін анықтауға байланысты
 - D) анатомиялық құрылысына байланысты
 - E) дәрілік өсімдіктердің онтогенезінде жиналатын шикізаттың сапасына байланысты
7. Asteraceae тұқымдасына жататын сәндік өсімдік
 - A) қызыл мия
 - B) дәрілік түймедақ
 - C) іле бөріқарақат
 - D) бұрыш жалбыз
 - E) алтай ұшқаты

8. Улы өсімдіктер қатарына жатады
- A) *Hedysarum* - тиынтық
 - B) *Picea* - шырша
 - C) *Ledum* - қазанақ
 - D) *Haloxylon* - сексеуіл
 - E) *Glycyrrhiza* - мия
9. Құрамында глициризин кездесетін өсімдік
- A) соя
 - B) қалақай
 - C) бақбақ
 - D) мия
 - E) көкнәр
10. Жергілікті халық пайдаланатын өсімдіктердің пайдалы қасиеттері туралы мәліметтерді жинайтын ғылым
- A) палеоботаника
 - B) фитоценоз
 - C) этноботаника
 - D) биоценоз
 - E) геоботаника